

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.03.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/177323/

Алыхова Айгул Бакитбековна

Әдіскер

Ақтөбе облысы

Әйтеке би ауданы

Сұлукөл ауылы

МКҚК » НҰРСӘТ » мектепке дейінгі ұйымы

Кіріспе: Мектепке дейінгі білім беруде отбасы мен балабақша арасындағы тығыз байланыс – баланың дамуына қажетті маңызды аспектілердің бірі. Бұл байланыс баланың әлеуметтену процесін жеңілдетіп, оның жан-жақты қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасының өзара іс-әрекеті нәтижелі болу үшін, бірнеше негізгі бағыттарды ескеріп, олардың әрқайсысын тереңірек қарастыру қажет.

Негізгі бөлім: Отбасы баланың алғашқы тәрбие мектебі болып табылады. Отбасында қалыптасқан мінез-құлық, қарым-қатынас және тәртіп үлгілері балабақшада жалғасып, нығаяды. Сондықтан отбасы мүшелерінің балабақша өміріне белсенді қатысуы, тәрбиешілермен бірлескен жұмыс жүргізуі – бала тәрбиесінің сәтті жүзеге асуының кепілі. Бұл процессте ата-аналардың тәрбиешілермен тығыз байланыс орнатып, балаға қатысты маңызды мәселелерді бірлесіп шешуі, баланың бейімделуі мен дамуына оң әсер етеді.

Тәрбиенің сабақтастығы отбасында басталып, балабақшада жалғасуы керек. Әрбір бала ата-анасының мінез-құлық үлгісін, тәртіп қағидаларын бойына сіңіреді. Балабақшадағы тәрбие жұмысы осы құндылықтарды жалғастырып, оны толықтырып отыруға бағытталған. Сабақтастықты қамтамасыз ету үшін тәрбиешілер мен ата-аналар арасында үнемі ақпарат алмасу қажет. Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері отбасы мен балабақша арасында келісілгенде, балалардың дамуы жан-жақты және үйлесімді

болады. Әрбір бала жеке тұлға ретінде дамиды, сондықтан оның қызығушылықтары, қабілеттері және мінез-құлық ерекшеліктері ескерілуі қажет. Отбасы мүшелері бұл ерекшеліктерді тәрбиешілерге жеткізіп, баланың балабақшадағы дамуына бағыт береді. Осы ретте ата-аналар балабақшадағы тәрбие үдерісіне белсенді қатысып, баланың дамуына ықпал ететін іс-шараларға атсалысуы маңызды. Тәрбиелеу барысында ата-аналар баланың таланттарын, күшті жақтарын анықтап, тәрбиешілермен бірлесе отырып, оларды дамытуға бағытталған жұмыс атқаруы керек. Балабақша мен отбасы арасындағы өзара қарым-қатынас сенім мен түсіністікке негізделуі тиіс. Тәрбиешілер ата-аналармен тұрақты байланыста болып, баланың балабақшадағы жетістіктері мен қиындықтары жайлы хабардар етуі керек. Сонымен қатар, ата-аналар да балабақшаға ашық болып, баласының үйдегі жағдайын, мінез-құлық ерекшеліктерін айтуы маңызды. Бірлескен диалог арқылы олар баланың тәрбиесінде кездесетін қиындықтарды шешуге ықпал етеді.

Отбасында қалыптасқан құндылықтар мен дәстүрлер балабақшадағы тәрбие жұмысына енуі мүмкін. Отбасыдағы қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік, жауапкершілік, адалдық сияқты қасиеттерді бала балабақшада дамытып, тәжірибеден өткізе алады. Балабақшада ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау, мерекелер ұйымдастыру арқылы баланың рухани-мәдени құндылықтарын арттыруға болады. Бұл тәрбие жұмысының бөлігі ретінде ата-аналар да өз ұсыныстарын айтып, тәрбиешілермен бірге дәстүрлі іс-шаралар ұйымдастыруы мүмкін. Баланың мектепке дейінгі кезеңінде психологиялық қолдау көрсету өте маңызды. Отбасында қалыптасқан психологиялық ахуал балабақшадағы бейімделу үдерісіне тікелей әсер етеді. Баланың эмоционалдық жағдайын түсіну, оның қиындықтарын анықтау және оны қолдау – отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастықтың негізгі бағыттарының бірі. Ата-аналар мен тәрбиешілер балаға эмоционалдық қолдау көрсету арқылы оның өзін-өзі бағалауын нығайтып, сенімділікке үйретеді. Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастықты нығайтудың тиімді тәсілдерінің бірі – бірлескен іс-шаралар өткізу. Бұл мерекелер, спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар болуы мүмкін. Мұндай іс-шаралар ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатысуға шақырады, ал балалар үшін бұл әлеуметтік ортаға бейімделуге, ұжымдық әрекеттерге дағдылануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бірлескен іс-шаралар ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты нығайтады. Отбасы мен балабақша баланың дамуын үздіксіз бақылап отыруы керек. Тәрбиешілер ата-аналармен баланың психологиялық, физикалық, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуын талқылап, нәтижелерін бөлісіп отыруы қажет. Ата-аналар баласының дамуындағы өзгерістерді ескеріп, тәрбиешілермен бірлесіп, оның әрі қарайғы жетілуіне жағдай жасау керек.

Қорытынды

Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастық баланың жан-жақты дамуы үшін

шешуші рөл атқарады. Бұл сабақтастықты тиімді ұйымдастыру арқылы баланың әлеуметтік дағдылары, мінез-құлқы мен тәртібі үйлесімді түрде дамып, ол болашақта табысты және үйлесімді тұлға ретінде қалыптасады. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы бірлескен жұмыс, өзара сенім мен түсіністік – баланың дамуына бағытталған ортақ мақсатқа жетудің негізгі шарттары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Абилева С. Н. и др. Ата-ана мен балабақша ынтымақтастығы //Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2016. – С. 6.*
2. *Сайлхан Н. Отбасы-ерекше педагогикалық жүйе*
3. *Исабеков А. Е. Бала тәрбиелеудегі отбасы мен балабақша сабақтастығы/ Уральский научный вестник. – 2017. – Т. 2. – №. 5. – С. 012-014.*

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.